

## **Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 мамырдағы N 3036 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.*

Кәсіпкерлік қызмет бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді іске асыру, оны қолдау мен қорғауды қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне негізсіз араласу фактілерін болғызбау мақсатында қаулы етемін:

1. Қадағалау және бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, сондай-ақ барлық деңгейдегі әкімдер азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызметіне әдейі заңсыз араласқан және заңсыз актілер шығарып, кәсіпкерлік қызметке бөгет жасайтын заңсыз тапсырмалар берген жағдайда, олар мемлекеттік қызметтен шығарылуға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылуға тиіс деп белгіленсін.

2. Қадағалау және бақылау функцияларын іске асыратын мемлекеттік органдар:

1) жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қаржы-шаруашылық қызметіне тексерулерді, еңбекақының, зейнетақылардың, жәрдемақылардың уақтылы төленуін, Қазақстан Республикасының Зейнетақы қорына міндетті төлемдердің аударылу тәртібін сақтауды тексерулерді қоспағанда, егер заңда өзгеше көзделмеген болса, жылына бір реттен жиі өткізбейтін, әрі өз құзыреттерінің шегінде ғана жүргізетін болсын;

2) жыл сайын тексерулердің қосарлануына жол берілмейтін ішкі ведомстволық кешенді жоспарларын бекітсін;

3) бір ай мерзімде қатаң есептілік бланкілерінде ресімделіп, тексерілушіге көшірмесі міндетті түрде тапсырылатын белгіленген (соның ішінде үшінші тұлғалардың өтініштері негізіндегі) тексерістің әрқайсысы бойынша арнаулы нұсқамалардың міндетті түрде шығарылуын қамтитын тексерістер өткізу тәртібін әзірлеп, бекітетін болсын. Тексерістерді жүргізу тәртібі жариялануға тиіс.

*ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 1-тармақшасы толықтырылды - ҚР Президентінің*

1997.01.29. N 3344 жарлығымен.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде:

1) мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қызметіне әдейі заңсыз араласқаны үшін әкімшілік жауапкершілігін күшейту мәселелері жөнінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз әрекеттеріне түскен арыздарды соттарда қарау тәртібін оңайлату мәселелері жөнінде "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін болсын;

2) орталық атқарушы органдардың бақылау және қадағалау өкілеттіктерін айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

4. Осы Жарлықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

5. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті